



TeploStandart®

**ТӨЛҚҰЖАТ ЖӘНЕ ОРНАТУ
ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
ПАСПОРТ И РУКОВОДСТВО
ПО УСТАНОВКЕ И ЭКСПЛУАТАЦИИ**

**Болат газ қазандық
Котел стальной газовый**

- Kurgan КС-Г 10 Gaz
- Kurgan КС-Г 12 Gaz
- Kurgan КС-Г 16 Gaz
- Kurgan КС-Г 20 Gaz





Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы
Республика Казахстан, г. Талдықорған

www.kotlykurgan.kz

Қазақстандық "ТeploStandart" қазандық зауытының Kurgan қазандығын сатып алғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз. Ол пайдаланушыны қазандықтың құрылымы мен техникалық деректерімен таныстыруға арналған. Сондай-ақ, онда қазандықты қауіпсіз орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулар бар.

Болашақта пайдалану үшін осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.


 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ҚАЗАНДЫҚТЫ ОРНАТУҒА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ОСЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИАТ ТАНЫСҚАННАН KEЙІН ҒАНА.


 Осы төлқұжаттың тиісті бөлімдерін сауда, монтаждау және қызмет көрсету ұйымдарының толтыруын **міндетті түрде** талап етіңіз. Егер сауда ұйымы сатып алу туралы куәлікті толтырмаған жағдайда, кепілдік жабдық дайындалған сәттен бастап есептеледі.

"ТeploStandart" өндірістік компаниясы қазандықтардың құрылымы мен сыртқы түрін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Сондықтан енгізілген кейбір өзгерістер осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта әлі көрсетілмеуі мүмкін.

KZ
RU

Благодарим вас за покупку котла Kurgan казахстанского котельного завода «ТeploStandart». Пожалуйста, внимательно прочитайте это руководство. Оно предназначено для того, чтобы ознакомить пользователя с конструкцией и техническими данными котла. Также в нём содержатся инструкции по его безопасной установке, эксплуатации и обслуживанию. Сохраните данное руководство, чтобы использовать в будущем.

 **ВНИМАНИЕ!** ПРИСТУПАЙТЕ К УСТАНОВКЕ КОТЛА И ЕГО ЭКСПЛУАТАЦИИ ТОЛЬКО ПОСЛЕ ТОГО, КАК ВНИМАТЕЛЬНО ОЗНАКОМИТЕСЬ С ЭТИМ РУКОВОДСТВОМ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ.

 **Обязательно** требуйте заполнения соответствующих разделов этого паспорта торговыми, монтажными и сервисными организациями. В случае, если торговая организация не заполнит свидетельство о покупке, гарантия исчисляется с момента изготовления оборудования.

Производственная компания «ТeploStandart» ведёт работу по усовершенствованию конструкции и внешнего вида котлов. Поэтому некоторые введённые изменения могут быть ещё не отражены в этом руководстве по эксплуатации.

Мазмұны

1. Бұйымның мақсаты және техникалық деректер	2
2. Жеткізу жиынтығы	3
3. Қазандық құрылғысы	3
4. Монтаждау және пайдалану	4
5. Іске қосуға дайындық	11
6. Қазандықты іске қосу	11
7. Қауіпсіздік талаптары	14
8. Қазандыққа техникалық қызмет көрсету	15
9. Ықтимал ақаулар және оларды жою әдістері	17
10. Қазандықтарды сұйытылған көмірсутекті газбен жұмыс істеуге ауыстыру (СКГ)	23
11. Қаптау, тасымалдау және сақтау қағидалары	25
12. Кепілдік міндеттемелер	25
13. Кәдеге жарату туралы мәліметтер	26
14. Қабылдау туралы куәлік	27
15. Пайдалану жөніндегі мәліметтер	28
16. А қосымша	29

KZ

RU

Содержание

1. Назначение изделия и технические данные	2
2. Комплект поставки	3
3. Устройство котла	3
4. Монтаж и эксплуатация	4
5. Подготовка к пуску	11
6. Пуск котла	11
7. Требования безопасности	14
8. Техническое обслуживание котла	15
9. Возможные неисправности и методы их устранения	17
10. Перевод котлов на работу на сжиженном углеводородном газе (СУГ)	23
11. Правила упаковки, транспортировки и хранения	25
12. Гарантийные обязательства	25
13. Сведения об утилизации	26
14. Свидетельство о приёмке	27
15. Сведения по эксплуатации	28
16. Приложение А	29

1. БҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

1.1. Kurgan КС-Г Gaz болат жылу алмастырғышы бар су жылытқыш газ жылу қазандықтары (бұдан әрі мәтін бойынша - қазандықтар) табиғи немесе мәжбүрлі айналымды су жылыту жүйесімен жабдықталған жеке тұрғын үйлерді, басқа да тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды, құрылыстар мен үй-жайларды жылытуға арналған.

1.2. Табиғи газдың 35570 ± 1780 кДж/м³ (8500 ± 425 ккал/м³) номиналды қысымы мен жану жылуы кезінде:

KZ
RU

1. НАЗНАЧЕНИЕ ИЗДЕЛИЯ И ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ

1.1. Котлы газовые отопительные водогрейные со стальным теплообменником Kurgan КС-Г Gaz (далее по тексту - котлы) предназначены для отопления индивидуальных жилых домов и других жилых и нежилых зданий, сооружений и помещений, оборудованных системой водяного отопления с естественной или принудительной циркуляцией.

1.2. При номинальном давлении и теплоте сгорания природного газа 35570 ± 1780 кДж/м³ (8500 ± 425 ккал/м³):

1-кесте. Техникалық сипаттамалары / Таблица 1. Технические характеристики

Сипаттамасы/ Характеристика	КС-Г 10 Gaz	КС-Г 12 Gaz	КС-Г 16 Gaz	КС-Г 20 Gaz
Жылытылатын алаң, м ² дейін (төбенің биіктігі 2,7м кезінде) / Площадь отопляемого помещения (при высоте потолков 2,7м), до м ²	100	120	160	200
Номиналды қуаты, кВт / Номинальная тепловая мощность, кВт	10	12	16	20
ПӘК, % / Коэффициент полезного действия, %	87			
Расход природного газа, м ³ /час, не более / Табиғи газ шығыны, артық емес, м ³ /сағ	1,11	1,46	1,76	2,35
Табиғи газдың номиналды қысымы, Па / Номинальное давление природного газа, Па	1300			
Табиғи газдың максималды қысымы, Па / Максимальное давление природного газа, Па	3000			
Жылыту жүйесіндегі жылу алмасқыштың жұмыс қысымы, МПа артық емес / Рабочее давление теплоносителя в системе отопления, Мпа, не более	0,3			
Қазандықтың тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін мұржадағы сиретілу диапазон, Па / Диапазон разрежения в дымоходе, обеспечивающий устойчивую работу котла, Па	5-тен 15-ке дейін от 5 до 15			
Түтін жинағыштың шығару құбырының диаметрі, мм / Диаметр выходного патрубка дымоборника, мм	115			135
Мұражаның ұсынылатын параметрлері / Рекомендуемые параметры дымовой трубы	көлденең кималы жер, см ² / площадь поперечного сечения, см ²	105	145	
	биіктігі, м / высота, м	5	5	
	диаметрі, мм / диаметр, мм	120	140	
Қосылатын келтеқұбырлардың диаметр / Диаметр подсоединяемых патрубков	газдың кірісі / вход газа	G ½"	G ½"	
	жылыту жүйесінің кірісі мен шығысы / входа и выхода системы отопления	G1 ½"	G1 ½"	
Өлшемдері, мм / Габаритные размеры, мм	биіктігі / высота	835	860	
	ені / ширина	365	425	
	терендігі / глубина	455	530	
Салмағы, кг, артық емес / Вес, кг, не более	45			62

2. ЖЕТКІЗУ ЖИЙНТЫҒЫ

Қазандықты алған кезде қаптаманың тұтастығын және жеткізілім жиынтығын тексеріңіз:

- 1) Болат газ қазандығы - 1 дана
- 2) Төлқұжат, пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана
- 3) Қаптама - 1 дана

3. ҚАЗАНДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Қазандық айналасында сулы қаптама бар жану камерасынан тұрады. Жану камерасының төменгі бөлігінде қазандықты басқару механизмі мен автоматикасы бар газ жанарғысы орнатылған. Жылыту жүйесіне қосылуға арналған келтеқұбырлар қазандықтың артқы қабырғасында орналасқан.

KZ
RU


2. КОМПЛЕКТ ПОСТАВКИ

При получении котла проверьте целостность упаковки и комплектность поставки:


- 1) Котел стальной газовый - 1 шт
- 2) Паспорт, руководство по эксплуатации - 1 шт
- 3) Упаковка - 1 шт

3. УСТРОЙСТВО КОТЛА

Котёл состоит из топочной камеры, вокруг которой имеется водяная рубашка. В нижней части топочной камеры установлена газовая горелка с автоматикой и механизмом управления котлом. Патрубки для подключения к системе отопления расположены на задней стенке котла.



1 Сурет. КС-Г 10 Gaz және КС-Г 12 Gaz қазандықтарының жалпы түрі, габариттік және қосу өлшемдері / **Рисунок 1.** Общий вид, габаритные и присоединительные размеры котлов КС-Г 10 Gaz и КС-Г 12 Gaz



2 Сурет. КС-Г 16 Gaz және КС-Г 20 Gaz қазандықтарының жалпы түрі, габариттік және қосу өлшемдері / **Рисунок 2.** Общий вид, габаритные и присоединительные размеры котлов КС-Г 16 Gaz и КС-Г 20 Gaz

4. МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ / 4. МОНТАЖ И ЭКСПЛУАТАЦИЯ

4.1. Қазандықты монтаждау және іске қосу, қазандыққа профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу, сұйытылған газбен жұмыс істеу үшін қазандықты қайта реттеу және нұсқау беру жұмыстарын газ шаруашылығы басқармасының мамандары немесе мамандандырылған лицензияланған монтаждау қызметтері жүргізеді. Қазандықпен байланысты монтаждау, іске қосу-реттеу немесе өзге де жұмыстарды орындағаннан кейін қазандықты орнатуға бақылау талоны толтырылуы тиіс, міндетті түрде қол мен мөр қойылуы қажет. (А қосымшасы)

4.2. Қазандық орнатылатын ғимараттар мен үй-жайлар басшылық құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс:

- «Бу және су жылыту қазандықтарын орнатуға және қауіпсіз пайдалануға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары»;
- ҚР ҚНЖЕ 4.02-08-2003 «Қазандық қондырғылары»;
- ҚР ҚН 2.02-14-2002 «Газ тәрізді және сұйық отынмен жанатын шағын жылыту қазандықтарын технологиялық жобалау нормалары. Өртке қарсы талаптар»;
- ҚР ҚЖ 4.02-16-2005 «Бір пәтерлі тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерін жобалау және салу»;
- «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік қағидалары».

4.3. Қазандық орнатылатын үй-жайда қазандықтың қауіпсіз және тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті ағынды-сорғылы желдеткіш болуы тиіс. Қазандықты орнатуға арналған бөлменің көлемі 8 м³ артық болуы керек.

4.4. Қазандықты жанбайтын негізге орнату керек. Қазандық орнатылатын бөлменің тез тұтанатын қабырғалары жанбайтын жылу оқшаулағыш материалмен өңделуі немесе оқшаулануы керек.

KZ

RU

4.1. Работы по монтажу и запуску в работу, профилактическое обслуживание и ремонт котла, переналадка котла для работы на сжиженном газе и инструктаж производятся специалистами управления газового хозяйства или специализированными лицензированными монтажными службами. После выполнения монтажа, пусконаладочной или иной работы, связанной с котлом, обязательно должен быть заполнен контрольный талон на установку котла, обязательно должны быть проставлены подпись и печать. (Приложение А)

4.2. Здания и помещения, в которых устанавливается котёл, должны соответствовать требованиям руководящих документов:

- «Требования промышленной безопасности к устройству и безопасной эксплуатации паровых и водогрейных котлов»;
- СНиП РК 4.02-08-2003 «Котельные установки»;
- СН РК 2.02-14-2002 «Нормы технологического проектирования малометражных отопительных котлов на газообразном и жидком топливе. Противопожарные требования»;
- СП РК 4.02-16-2005 «Проектирование и строительство инженерных систем одноквартирных жилых домов»;
- «Правила безопасности в газовом хозяйстве».

4.3. Помещение, в котором устанавливается котёл, должно иметь приточно-вытяжную вентиляцию, необходимую для безопасной и устойчивой работы котла. Объем помещения для установки котла должен быть более 8 м³.

4.4. Котёл нужно устанавливать на негорючее основание. Легко воспламеняемые стены помещения, в котором будет установлен котёл, должны быть обработаны или изолированы негорючим теплоизоляционным материалом.

Қазандыққа қызмет көрсету ыңғайлылығы және қауіпсіз жұмыс істеу үшін қазандық пен бөлменің қабырғалары арасындағы қашықтық кемінде:

- қазандықтың алдында 1000 мм;
- қазандықтың артында 150 мм;
- оң және сол жағында 50 мм;
- қазандықтың үстінде 700 мм болуы керек.

4.5. Қазандықты жылыту жүйесімен және газ магистралімен қосу қазандықты ажырату мүмкіндігі болуы үшін бұрандалы болуы керек. Жаңа жылыту қазандығын ескісінің орнына орнатқан кезде жылу жүйесінің құбырлары мен радиаторларындағы тот, қақ және шөгінділерін жуу қажет.

4.6. Қазандықтың герметикалық үй-жайда орналасуы кезінде қазандық қабырғаларында жану және ауаны желдету үшін жеткілікті ауа көлемін өткізетін екі тесік (ойық) қарастыру қажет:

- ағынды - еденге жақын;
- сорғылы - төбеге жақын.

Тесіктердің алаңы газбен жұмыс істейтін қазандықтағы барлық құрылғылардың әрбір 225 Вт қуаты үшін 1 см 2 есебімен таңдалады.

4.7. Бұл қазандықтар суық және қыздырылған ауаның айырмашылығы есебінен табиғи тарту кезінде жұмыс істейді. Сондықтан түтін құбырының құрылғысы келесі талаптарға сай болуы керек (3-суретті қараңыз).

- 1) түтін каналының биіктігі техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілгеннен кем болмауы тиіс;
- 2) құбырдың шатыржалдан жоғары биіктігі 3 және 4-суреттерде көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуі тиіс;

KZ
RU

Для удобства обслуживания и безопасной работы котла, расстояние между котлом и стенами помещения должно быть не менее:

- 1000 мм перед котлом;
- 150 мм за котлом;
- 50 мм справа и слева;
- 700 мм над котлом.

4.5. Соединения котла с системой отопления и газовой магистралью должны быть резьбовыми, чтобы была возможность отсоединить котёл. При установке нового отопительного котла на место старого нужно обязательно промыть трубопроводы и радиаторы системы отопления от отложений ржавчины, накипи и осадка.

4.6. При расположении котла в герметичном помещении, в стенах котельной необходимо предусмотреть два отверстия (проёма), пропускающих достаточное количества воздуха для горения и вентиляции:

- приточное - около пола;
- вытяжное - около потолка.

Площадь отверстий выбирается из расчета 1 см² на каждые 225 Вт мощности всех устройств в котельной, работающих на газе.

4.7. Данные котлы работают при естественной тяге, получаемой за счёт разности холодного и нагретого воздуха. Поэтому устройство дымовой трубы должно соответствовать следующим требованиям (см. рис. 3).

- 1) высота дымового канала должна быть не менее указанной в таблице технических характеристик;
- 2) высота трубы над коньком крыши должна соответствовать размерам, указанным на рисунках 3 и 4;

- 3) құбыр қазандыққа қатысты мүмкіндігінше тік орналасуы керек, мүмкіндігінше ұзын көлденең учаскелердің көп мөлшерін болдырмау керек, сонымен қатар иілу радиусы аз немесе тік бұрышпен құбырды бұруға болмайды;
- 4) түтін құбырының ішкі қабырғалары тегіс болуы керек;
- 5) қима алаңы кемінде 105 см² болуы тиіс, тікбұрышты пішінді қима қолданылған жағдайда, алаңды 30%-ға ұлғайту ұсынылады;
- 6) құбырдың жақсы жылулық оқшаулануы керек, қатып қалуды болдырмау үшін бастың жылулық оқшаулануына ерекше назар аудару керек, өйткені жоғары ПӘК кезінде шығатын газдардың температурасы төмен болады.




Қазандықты алауошақтың мұржасына қосуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

3-сурет. Қазандық түтін мұржасының схемасы

- А** - мұржа басының шатыржалға қатысты орналасуы;
Б - жапсарлап салынған қазандықта орнатылған қазандықтың түтін құбырының орналасуы;
В - көп каналды мұржаның шатыржал қатысты орналасуы:
- 1 - ең жақсы;
 - 2 - рұқсат етілген;
 - 3 - тиімсіз; 4 - өте тиімсіз; 5 - шатыржал;
 - 6 - жел үрлеу аймағы

KZ
RU

Рисунок 3. Схема устройства дымохода котла




- А** - положение оголовка дымохода относительно конька крыши; **Б** - расположение дымовой трубы котла, установленного в пристроенной котельной; **В** - расположение многоканального дымохода относительно конька крыши: 1 - наилучшее; 2 - допустимое; 3 - нежелательное; 4 - весьма нежелательное; 5 - конёк крыши; 6 - зона ветрового подпора

- 3) труба должна располагаться максимально вертикально от котла, по возможности следует избегать большой длины горизонтальных участков, также не следует делать повороты трубы с малым радиусом изгиба или под прямым углом, сонымен қатар иілу радиусы аз немесе тік бұрышпен құбырды бұруға болмайды;
- 4) внутренние стенки дымовой трубы должны быть гладкими;
- 5) площадь сечения должна быть не менее 105 см², в случае применения сечения прямоугольной формы, площадь рекомендуется увеличить на 30%;
- 6) труба должна иметь хорошую теплоизоляцию, особое внимание следует обратить на теплоизоляцию оголовка для исключения обмерзания, так как при высоком КПД температура уходящих газов минимальна.



ЗАПРЕЩАЕТСЯ подключать котёл к дымовой трубе камина.

4-сурет. Түтін құбырын қабырға арқылы және төбенің үсті арқылы шығарып орнату схемасы / **Рисунок 4.** Схема установки дымовой трубы с выводом через стену и с выводом через потолочное перекрытие



4.8. Түтін шығаратын құбырлар конденсаттың қатып қалуын және мұзбен бітелуді болдырмау үшін жылу оқшаулағышпен қапталуы керек.

4.9. Қазандыққа кіретін газ құбырында газдану сигнализаторы бар электромагниттік клапан орнатылуы керек.

4.10. Қазандық жылу жүйесіне бұрандалы қосылыстар арқылы жалғануы керек. Қосылу құбырлар мен қазандықтың құрастыру бірліктерінің өзара тартылуымен қатар жүрмеуі тиіс. Қазандықтың құрастыру бірліктеріне берілетін тарту күші жылу алмастырғыштың, жеткізу құбырларының герметикалығын жоғалтуына немесе бөлшектердің сынуына алып келуі мүмкін.

4.11. Қазандықты 5-суретте көрсетілген схема бойынша жылыту құрылғыларынан төмен орнатқан жөн.

4.12. Жылыту жүйесін тарту қазандықты бұрандалы қосу (ажырату) мүмкіндігімен жүзеге асырылады.

KZ
RU

4.8. Трубы дымоудаления должны быть с теплоизоляционным слоем, чтобы исключить замерзание конденсата и образование ледяных закупорок.

4.9. На входной газовой трубе в котельную должен быть установлен электромагнитный клапан с сигнализатором загазованности.

4.10. Котёл нужно подключать к системе отопления через резьбовые соединения. Присоединение не должно сопровождаться взаимным натягом труб и сборочных единиц котла. Усилие натяга, передаваемое на сборочные единицы котла, может вызвать потерю герметичности теплообменника, подводящих трубопроводов или поломку деталей.

4.11. Котёл желательнo установить ниже нагревательных приборов по схеме, приведенной на рисунке 5.

4.12. Разводку системы отопления выполнять с возможностью резьбового подсоединения (отсоединения) котла.

4.13. Кеңейту бағы жылыту жүйесінің жоғарғы жағында, неғұрлым жылытылатын бөлмеде орнатылуы керек. Жылытылмайтын бөлмеде орнатылған кезде бактағы жылуалмасқыштың қатып қалуын болдырмау үшін құбыр, бак және су төгетін құбыр мұқият жылылануы керек.

4.14. Егер жылу тасығыштың мәжбүрлі айналымы қолданылса, жылу тасығыштың қысымын бақылау үшін 1,5 кгс/см²-ден аспайтын қысымға сақтандырғыш ағызу клапанын және манометрді орнату қажет.

4.15. Минималды шығында сорғыны қосуға қазандықты 70-80 °С дейін қыздырғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

4.16. Қазандықтың қабырғаларында күйе мен конденсаттың пайда болуын азайту, сондай-ақ жылыту жүйесіндегі коррозиялық процестерді азайту үшін шағын айналым шеңбері үшін автоматты үш жақты клапаны бар байпасты желі ұйымдастырылады. Ол жылу тасығыштың конденсатты болдырмайтын температурадан жоғары жылдам қызуын қамтамасыз етеді (50°С-тан жоғары).

4.17. Үш жақты кранның 1 және 3 кірістері әрқашан ашық болуы керек, бұл жылу тасығыштың шағын шеңберде айналуына және қазандықтың кіреберісінде жылу тасығыштың жоғары температурасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.18. жылу тасығыштың минималды жылдамдық диапазонын 0,2-0,25 м/с шегінде қабылдау ұсынылады. Жылу тасығыштың жоғарғы диапазоны 0,6 -1,5 м/с. Егер осы диапазон шекараларында жылдамдық сақталса, құбырда гидравликалық шу болмайды. Жайық жылыту жүйесінің оңтайлы параметрлері:

- жүйедегі жылу тасығыштың (судың) көлемі - 180 л-ден аспайды;
- кеңейту бағының көлемі - кемінде 10 л;
- айналым сорғысының өнімділігі - 1,0 м³/сағ кем емес.

4.19. Монтаждау кезінде кері құбырға механикалық сүзгіні орнату керек және оны жылыту кезеңі басталмас бұрын міндетті түрде тазалау қажет.

KZ
RU

4.13. Расширительный бак должен быть установлен в верхней части системы отопления, желательнее в отапливаемом помещении. Чтобы избежать замерзания теплоносителя в баке при его установке в неотопливаемом помещении, трубопровод, бак и сливную трубу необходимо тщательно утеплить.

4.14. Если применяется принудительная циркуляция теплоносителя, необходимо предусмотреть установку предохранительного сбросного клапана на давление менее 1,5 кгс/см² и манометр для контроля давления теплоносителя.

4.15. Включать насос на минимальном расходе допускается только после разогрева котла до 70-80 °С.

4.16. Чтобы уменьшить образование сажи в топке и конденсата на стенках котла, а также уменьшить коррозионные процессы в системе отопления, организуют байпасную линию с автоматическим трёхходовым клапаном для малого круга циркуляции. Он обеспечивает быстрый нагрев теплоносителя выше температуры, исключающей образование конденсата (выше 50°С).

4.17. Входы 1 и 3 трёхходового крана должны быть всегда открыты, это позволит теплоносителю циркулировать по малому кругу и обеспечивать высокую температуру теплоносителя на входе в котёл.

4.18. Минимальный диапазон скорости теплоносителя рекомендуется принимать в пределах 0,2-0,25 м/с. Верхний диапазон теплоносителя 0,6 - 1,5 м/с. Если соблюдать скорость в данных границах диапазона, в трубопроводе не будет гидравлических шумов. Оптимальные параметры для закрытой системы отопления:

- объем теплоносителя (воды) в системе - не более 180 л;
- объем расширительного бака - не менее 10 л;
- производительность циркуляционного насоса - не менее 1,0 м³/час.

4.19. При монтаже на обратном трубопроводе нужно установить механический фильтр и обязательно очищать его перед началом отопительного периода.

4.20. Жылытылмайтын кезеңде қажеттілік болмаса жылыту жүйесінен суды төгудің қажеті жоқ.



Жұмыс істеп тұрған қазанды ұзақ уақытқа (бір тәуліктен астам)

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ

4.22. Жылыту жүйесіне құрамында этилен бар қатпайтын сұйықтықты құюға **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**

4.23. Жылыту жүйесінде қолданылатын су СНЖЕ 11-35-76 талаптарына сәйкес келуі және келесі сипаттамаларға ие болуы керек:

- карбонатты қаттылық - 700 мкг экв/кг артық емес;
- еріген оттегінің мөлшері - 50 мкг/кг артық емес;
- өлшенген заттардың құрамы - 5 мкг/кг артық емес;

KZ
RU

4.20. В неотопливаемый период не рекомендуется без необходимости сливать воду из системы отопления.



НЕ ОСТАВЛЯЙТЕ работающий котел без присмотра на длительное время (более суток).


4.22. НЕ ДОПУСКАЕТСЯ заливать в систему отопления незамерзающую жидкость, содержащую этилен.

4.23. Вода, применяемая в системе отопления должна соответствовать СНиП II-35-76 и иметь следующие характеристики:

- карбонатная жёсткость - не более 700 мкг экв/кг;
- содержание растворённого кислорода - не более 50 мкг/кг;
- содержание взвешенных веществ - не более 5 мг/кг;

5-сурет. Айналым сорғысы бар жылыту жүйесінің ұсынылатын гидравликалық схемасы / **Рисунок 5.** Рекомендуемая гидравлическая схема системы отопления с циркуляционным насосом

- 1 - сигналдық түтік;
- 2 - кеңейту бағы;
- 3 - беру магистралі;
- 4 - қазандық;
- 5 - айналым сорғысы;
- 6 - жалпы тазалау сүзгісі;
- 7 - кран;
- 8 - жылыту аспаптары;
- 9 - қоректендіргіш су құбыры;
- 10 - су төгетін магистраль;
- 11 - кері су құбыры



KZ
RU

- 1 - сигнальная трубка;
- 2 - расширительный бак;
- 3 - подающая магистраль;
- 4 - котёл;
- 5 - циркуляционный насос;
- 6 - фильтр грубой очистки;
- 7 - кран;
- 8 - отопительные приборы;
- 9 - водопровод подпитки;
- 10 - сливная магистраль;
- 11 - трубопровод обратной воды

- бос көмірқышқыл құрамы - жол берілмейді;
- Ph көрсеткіші - кемінде 7.

4.24. Жыл сайынғы профилактикалық тексеруді, қазандыққа қызмет көрсетуді және жөндеуді тек жергілікті газ шаруашылығының білікті қызметкерлері немесе тұрмыстық газ құрылғыларына қызмет көрсететін лицензияланған ұйымдар жүргізуі керек.

4.25. Қауіпсіздік тобына кіретін сақтандырғыш клапан ағынды беле отырып көрізге ағызу орнына қосылуы тиіс.

KZ


RU

- содержание свободной углекислоты - не допускается;
- показатель Ph - не менее 7.

4.24. Ежегодный профилактический осмотр, обслуживание и ремонт котла должны производить только квалифицированные работники местного газового хозяйства или лицензированные организации, обслуживающие бытовые газовые приборы.

4.25. Предохранительный клапан, входящий в группу безопасности, должен быть присоединён к сливу в канализацию с разрывом струи.

6-сурет. Конденсаттың пайда болуын болдырмау үшін қазандықтың жылу алмастырғышында жылу тасығышты жылытуға арналған автоматты үш жақты клапаны бар байпасты рециркуляция желісі бар жылыту жүйесінің ұсынылатын гидравликалық жабық схемасы / **Рисунок 6.** Рекомендуемая гидравлическая закрытая схема системы отопления с байпасной линией рециркуляции, автоматическим трёхходовым клапаном для прогрева теплоносителя в теплообменнике котла в целях исключения образования конденсата



3 - беру магистралі; **4** - қазандық; **5** - айналым сорғысы; **6** - жалпы тазалау сүзгісі; **7** - бекітпе кран; **8** - радиатор; **9** - қоректендіргіш су құбыры; **10** - төгу магистралі; **11** - кері су құбыры; **12** - автоматты ауа шығару клапаны; **13** - қауіпсіздік тобының сақтандырғыш клапаны; **15** - кеңейту бағы; **16** - рециркуляция шағын шеңбері; **17** - автоматты үш жақты клапан.

3 - подающая магистраль; **4** - котёл; **5** - циркуляционный насос; **6** - фильтр грубой очистки; **7** - запорный кран; **8** - радиатор; **9** - водопровод подпитки; **10** - сливная магистраль; **11** - трубопровод обратной воды; **12** - автоматический клапан выпуска воздуха; **13** - предохранительный клапан группы безопасности; **15** - расширительный бак; **16** - малый круг рециркуляции; **17** - автоматический трехходовой клапан

5. ІСКЕ ҚОСУҒА ДАЙЫНДЫҚ

5.1. Барлық монтаждау жұмыстары аяқталғаннан, қазандық газбен жабдықтау жүйесіне қосылған және жылыту жүйесі жылу тасымалдағышпен толтырылғаннан кейін мамандандырылған сервистік орталықтың немесе жергілікті газ шаруашылығы басқармасының қызметкерлері қауіпсіздік автоматикасының іске қосылуы мен температуралық режимдердің реттелуін тексеруі, сондай-ақ қазандықтың газ құбырындағы және оған дейінгі барлық бұрандалы қосылыстардың герметикалығын тексеруі керек.

5.2. Газ жанарғысын жағар алдында тартудың бар-жоғын тексеру керек. Тарту болмаған кезде газды жанарғысы құрылғысын жағуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

6. ҚАЗАНДЫҚТЫ ІСКЕ ҚОСУ

6.1. САБК-АТ автоматикасының газ блогы бар аппаратын қосу тәртібі (7-сурет және 8-сурет):

- 1) қазандық оттығындағы тартудың бар-жоғын тексеру, ол үшін қағаз жолағын ГГУ алдығы жағындағы қарау терезесіне жақындату керек, қағаз қарау терезесіне тартылуы тиіс.
- 2) Газ құбырындағы газ кранын ашу.
- 3) Газ блогының тұтқасын "Ажыратылған" күйіне келтіру (7-сурет).
- 4) Газ блогында іске қосу түймесін басу (7- сурет 6-т.) және газ қысымы тұтандырғыш оттықтың желісінен ауаны шығарғанша кем дегенде 5 секунд күту, содан кейін тұтандырғышты оттығы түймешігін 2-3 рет басу арқылы жағу (7- сурет 11-т.). Тұтандыруды қарау терезесі арқылы сіріңкемен жүргізуге рұқсат етіледі.
- 5) Жылу сезгіш элемент қызғанша және клапан магниттік тығынмен ашық күйде ұсталғанша іске қосу түймесін 20-30 секунд басып тұру. Іске қосу түймесін босатыңыз, бұл ретте тұтандырғыш оттық тұрақты жануы керек.

KZ
RU

5. ПОДГОТОВКА К ПУСКУ

5.1. После того, как выполнены все монтажные работы, котёл подключён к системе газоснабжения и система отопления заполнена теплоносителем, работники специализированного сервисного центра или местного управления газового хозяйства должны отрегулировать и проверить на срабатывание автоматику безопасности и регулировку температурных режимов, а также проверить герметичность всех резьбовых соединений на газопроводе котла и до него.

5.2. Перед розжигом газовой горелки нужно проверить наличие тяги. При отсутствии тяги зажигать **газогорелочное устройство ЗАПРЕЩАЕТСЯ!**

6. ПУСК КОТЛА

6.1. Порядок включения аппарата с газовым блоком автоматики САБК-АТ (рисунок 7 и рисунок 8):

- 1) Проверить наличие тяги в топке котла, для чего поднести полоску бумаги к смотровому окну на фронтальном листе ГГУ Бумага должна притягиваться к смотровому окну.
- 2) Открыть газовый кран на газопроводе.
- 3) Установить ручку газового блока в положение «Отключено» (рис. 7)
- 4) Нажать пусковую кнопку (п.6 рис.7) на газовом блоке и подождать не менее 5 секунд, пока давление газа не вытеснит воздух из магистрали запальной горелки, затем зажечь запальную горелку, нажав 2-3 раза на кнопку пьзорозжига (п.11 рис.7). Розжиг допускается производить спичкой через смотровое окно.
- 5) Удерживать пусковую кнопку 20-30 секунд в положении нажатия до упора, пока прогреется термopара и клапан будет удерживаться в открытом положении магнитной пробкой. Отпустить пусковую кнопку, при этом запальная горелка должна устойчиво гореть.

- 6) Газ блогының тұтқасын сағат тіліне қарсы "5" белгісіне бұрау (7-сурет) және негізгі жанарғының қосылуын бақылау. Тұтану тарсылдамай жүзеге асырылуы керек, жалын жанарғының бүкіл бетіне таралуы тиіс.
- 7) Қазандық жұмыс істеп тұрған кезде оттықта тартқыш бар екенін, ал жану өнімдері тартуды тұрақтандырғыш саңылауы арқылы бөлмеге шықпайтынын тексеру.
- 8) Газ блогының тұтқасын жылжыту арқылы қыздыру температурасын "1" (50 градус) - ден "5" (90 градус) белгісіне дейін орнату қажет.

Тұтқа "Ажыратылған" күйіне орнатылған кезде, қазандық тек тұтандырғышта оттықпен жұмыс істейді.

6.2. 630 EUROSIT газ блогы бар қазандықты қосу тәртібі (9-сурет):

- 1) қазандық оттығындағы тартудың бар-жоғын тексеру, ол үшін қағаз жолағын ГГУ алдыңғы жағындағы қарау терезесіне жақындату керек. Қағаз қарау терезесіне тартылуы тиіс.
- 2) Газ құбырындағы газ кранын ашу.
- 3) Газ блогының тұтқасын "Ажыратылған" күйіне келтіру (9-сурет)
- 4) Газ блогының тұтқасын сағат тіліне қарсы "Тұтату" күйіне бұрау.
- 5) тұтқаны толығымен басып, оны ұстап тұрып, пьезотұтату түймесін 2-3 рет басу. Тұтандыруды қарау терезесі арқылы сіріңкемен жүргізуге рұқсат етіледі.
- 6) Тұтандырғышта жалынның болуын бақылап, 20-30 секундтан кейін газ блогының тұтқасын босату. Тұтандырғыш тұрақты жұмыс істеуі керек.
- 7) Газ блогының тұтқасын сағат тіліне қарсы "7" белгісіне бұрау және негізгі жанарғының қосылуын бақылау. Тұтану тарсылдамай жүзеге асырылуы керек, жалын жанарғының бүкіл бетіне таралуы тиіс.

KZ
RU

- 6) Повернуть ручку газового блока против часовой стрелки на отметку «5» (рис. 7) и проконтролировать включение основной горелки. Розжиг должен происходить без хлопка, пламя должно распространиться по всей поверхности горелок.
- 7) При работающем котле проверить, что в топке есть тяга, а продукты сгорания не выходят в помещение через щель стабилизатора тяги.
- 8) Положением ручки газового блока установить температуру нагрева на отметке от «1» (50 градусов) до «5» (90 градусов).

Когда ручка установлена в положение «Отключено», котёл будет работать только на запальной горелке.

6.2. Порядок включения котла с газовым блоком 630 EUROSIT (рисунок 9):

- 1) Проверить наличие тяги в топке котла, для чего поднести полоску бумаги к смотровому окну на фронтальном листе ГГУ. Бумага должна притягиваться к смотровому окну.
- 2) Открыть газовый кран на газопроводе.
- 3) Установить ручку газового блока в положение «Отключено» (рис. 9).
- 4) Повернуть ручку газового блока против часовой стрелки в положение «Розжиг».
- 5) Нажать на ручку до упора и, удерживая её, 2-3 раза нажать на кнопку пьезорозжига. Розжиг допускается производить спичкой через смотровое окно.
- 6) Проконтролировать наличие пламени на запальнике и через 20-30 секунд отпустить ручку газового блока. Запальник должен работать устойчиво.
- 7) Повернуть ручку газового блока против часовой стрелки на отметку «7» и проконтролировать включение основных горелок. Розжиг должен происходить без хлопка, пламя должно распространяться по всей поверхности горелочных труб.

8) Қазандық жұмыс істеп тұрған кезде оттықта тартқыш бар екенін, ал жану өнімдері тартуды тұрақтандырғыш саңылауы арқылы бөлмеге шықпайтынын тексеру.

9) Газ блогының тұтқасын "1" (50 градус) белгісінен "7" (90 градус) белгісіне дейін жылжыту арқылы қыздыру температурасын орнату.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! 630 EUROSIT газ блогы бар қазандықты қайта жағу үшін тұтқаны "Ажыратылған" күйіне келтіру қажет (9-сурет), содан кейін ғана газ блогының тұтқасын "Тұтату" күйіне бұрау керек.

KZ
RU

8) При работающем котле проверить, что в топке есть тяга, а продукты сгорания не выходят в помещение через щель стабилизатора тяги.


9) Установить желаемую температуру нагрева положением ручки газового блока на отметки «1» (50 градусов) до «7» (90 градусов).



ВНИМАНИЕ! Для повторного розжига котла с газовым блоком 630 EUROSIT необходимо установить ручку в положение «Отключено» (рис. 9), а только затем повернуть ручку газового блока в положение «Розжиг».

7-сурет. САБК-АТ автоматикасының газ блогындағы басқару элементтері /

Рисунок 7. Элементы управления на газовом блоке автоматики САБК-АТ




8-сурет. САБК-АТ автоматикасының газ блогы бар қазандық құрылғысы /

Рисунок 8. Устройство котла с газовым блоком автоматики САБК-АТ

1 - тарту датчигі; 2 - жылу алмастырғыш; 3 - ГГУ газ жанарғысы құрылғысы; 4 - САБК-АТ автоматикасының газ блогы; 5 - тұтандырғыш оттығы реттеу бұрандасының тығыны; 6 - "ҚОСУ" түймесі; 7 - температураны белгілеу тұтқасы; 8 - термометр; 9 - газ блогынан шығудағы қысымды өлшеу штуцері; 10 - газдың шығудағы қысымын реттейтін бұранда; 11 - пьезотұтату түймесі; 12 - газ блогына кірудегі қысымды өлшейтін штуцер. (Есік шартты түрде көрсетілмеген)

1 - датчик тяги; 2 - теплообменник; 3 - газогорелочное устройство ГГУ; 4 - газовый блок автоматики САБК-АТ; 5 - заглушка регулировочного винта запальной горелки; 6 - кнопка «ПУСК»; 7 - ручка задания температуры; 8 - термометр; 9 - штуцер замера давления на выходе из газового блока; 10 - регулировочный винт выходного давления газа; 11 - кнопка пьезорозжига; 12 - штуцер замера давления на входе в газовый блок. (Дверца условно не показана)





9-сурет. 630 EUROSIT газ блогындағы басқару элементтері / **Рисунок 9.** Элементы управления на газовом блоке 630 EUROSIT

7. ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

- 7.1.** Қазандықтың жұмысы үшін мұржадағы қажетті тартуды қамтамасыз ету керек.
- 7.2.** Қазандық жұмысын бастамас бұрын, мұржаның бітелмегеніне көз жеткізу керек.
- 7.3.** Қазандыққа қызмет көрсетуді лицензияланған сервистік орталықтардың қызметкерлері немесе жергілікті газ шаруашылығы басқармасының қызметкерлері ғана жүргізуі тиіс.
- 7.4.** Мыналарға:
- қазандықты мұржаға қоспай пайдалануға;
 - түтін мұржасында тарту болмаған кезде қазандықты пайдалануға;
 - газ автоматикасы ақаулы қазандықты пайдалануға;
 - жылу тасымалдағышпен толтырылған жылыту жүйесіне қосылмаған қазандықты пайдалануға;
 - қазандықты агрессивті бу немесе шаң бар бөлмелерге орнатуға;
 - газдың шығуын анықтау үшін отты қолдануға;
 - қазандықты өз бетінше орнатуға және оны іске қосуға,
 - жергілікті газ шаруашылығы қызметінде нұсқамадан өтпеген адамдарға қазанды пайдалануға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**
- 7.5.** Егер газдың иісі шыққаны анықталса, газ құбырындағы қранды дереу жауып, бөлмені желдетіп, 104 телефоны бойынша газ шаруашылығының авариялық қызметін шақыру керек. Авариялық қызмет келгенге дейін - электр жарығын қоспау, газ және электр аспаптарын пайдаланбау, от жақпау қажет!

KZ
RU

7. ТРЕБОВАНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ

- 7.1.** Для работы котла нужно обеспечить необходимую тягу в дымоходе.
- 7.2.** Перед началом работы котла необходимо убедиться в том, что дымоход не заблокирован.
- 7.3.** Обслуживание котла должно производиться только персоналом лицензированных сервисных центров или сотрудниками местного управления газового хозяйства.
- 7.4. ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**
- эксплуатировать котёл без подсоединения к дымоходу;
 - эксплуатировать котёл при отсутствии тяги в дымоходе;
 - эксплуатировать котёл с неисправной газовой автоматикой;
 - эксплуатировать котёл без подключения к заполненной теплоносителем системе отопления;
 - устанавливать котёл в помещениях с агрессивными парами или пылью;
 - применять огонь для обнаружения утечек газа;
 - самостоятельно устанавливать котёл и запускать его в работу,
 - пользоваться котлом лицам, не прошедшим инструктаж в местной службе газового хозяйства.
- 7.5.** При обнаружении запаха газа нужно немедленно закрыть кран на газопроводе, проветрить помещение и вызвать аварийную службу газового хозяйства по телефону 104. До приезда аварийной службы – не включать электроосвещение, не пользоваться газовыми и электрическими приборами, не зажигать огонь!

Өрт туындаған жағдайда барлық газ қрандарын дереу жауып, өрт сөндіру бөліміне 101 телефоны бойынша хабарлау және барлық қолда бар құралдармен сөндіруді бастау қажет.

7.6. Жылу тасымалдағыштың температурасы 95°C жоғары көтерілген кезде қазандықтың жұмысына жол берілмейді.

7.7. Жылыту жүйесінен ыстық суды тұрмыстық мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ! Қазандық мұржасында тартуды бақылау датчигімен жабдықталған. Түтін мұржасында жеткіліксіз тарту (бітелу, бөгде заттардың түсуі және т.б.) кезінде тарту датчигі қазандықтың жұмысын бастауға немесе жұмыс кезінде оны өшіруге мүмкіндік бермейді.



ЕШҚАШАН ТАРТУ ДАТЧИГИМЕН ӨЗДІҒІЗДЕН МАНИПУЛЯЦИЯ ЖАСАМАҢЫЗ!

8. ҚАЗАНДЫҚҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1. Қазандықтың дұрыс және тиімді жұмыс істеуі үшін оған жылына бір рет техникалық қызмет көрсету қажет.

8.2. Қазандыққа қызмет көрсетуді лицензияланған сервистік орталықтардың немесе жергілікті газ шаруашылығы басқармасының қызметкерлері ғана жүргізуі тиіс. Қазандыққа техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кепілдік міндеттемелер болып табылмайды және қазандықты пайдаланушының есебінен қызмет көрсету ұйымымен жасалған шарт бойынша жүргізіледі.

8.3. Қазандықты маусымдық іске қоспас бұрын:

1) онда күйенің жоқтығын тексеру қажет. Ол үшін келесі тәртіпте жұмыстарды жүргізу керек:

- мұржаны қазандықтан ажыратыңыз;

KZ

RU

